«Қазақстан Республикасы
Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын
қадағалау және реттеу агенттігімен
келісілген. Қазақстан Республикасы
Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын
қадағалау және реттеу агенттігі
Төрағасы (Төраға орынбасары)
_____»

16 наурыз 2010ж.
Акционердердің кезектен тыс жалпы
жиналысының шешімімен
БІКІТІЛДІ

«Денсаулық сақтау және медициналық сақтандыру жөніндегі Қазақ «ИНТЕРТИЧ» корпорациясы»
Акционерлік қоғамының
ЖАРҒЫСЫ

Алматы қаласы, 2010

1. Жалпы ережелер

1.1. «ИНТЕРТИЧ» Қазақ Денсаулық сақтау және медициналық сақтандыру корпорациясы» акционерлік қоғамының осы Жарғысы (бұдан әрі Қоғам деп аталатын) оның атауы мен мекен-жайын, қалыптасу тәртібі мен оның органдарының құзыретін, қызметінің тоқтатылу және қайта ұйымдасу талаптарын және Қазақстан Республикасының заңдарында бекітілген басқа ережелерді анықтайды.

1.2. Қоғамның толық атауы:

1) мемлекеттік тілде: «ИНТЕРТИЧ» Қазақ Денсаулық сақтау және медициналық сақтандыру корпорациясы» акционерлік қоғамы;

2) орыс тілінде: Акционерное Общество «Казахская корпорация здравоохранения и медицинского

страхования «ИНТЕРТИЧ».

1.3. Қоғамның қысқартылған атауы:

1) мемлекеттік тілде: «ИНТЕРТИЧ» КДСжМСК» АҚ;

2) орыс тілінде: АО «КК ЗиМС «ИНТЕРТИЧ».

1.4. Қоғамның атқарушы органының мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, 050059, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Фурманов к-сі, 275Е.

2. Қоғамның заңды мәртебесі

2.1. Қоғам Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес заңды тұлға болып табылады, жеке балансы, банктік шотары бар, өз атынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды ала алады және жүзеге асыра алады, міндеттемелер орындай алады, сотта талапке және жауапкер бола алады.

2.2. Қоғамның атауы жазылған өз мөрі, жеке балансы және сметасы,банкте шоттары, фирмалық атауы бар бланктері бар.

2.3. Қоғам коммерциялық ұйым болып табылады.

2.4. Қоғам өз әрекетінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін, Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңын (бұдан әрі - Заң), Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік актілерін және осы Жарғыны басшылыққа алады.

2.5. Қоғам Қазақстан Республикасының заңдарында бекітілген тәртіп бойынша заңды тұлғаларға арналған жарғылық капиталға қатысуына құқылы.

2.6. Қоғам сақтандыру ұйымының директорлар кеңесінің шешімі негізінде ҚР қаржы нарығы мен қаржылық ұйымдарын реттеу және қадағалау жөніндегі Агенттіктің (келесіде-уәкілетті орган) келісімінсіз Қазақстан Республикасының территориясында және одан тыс оңтайлы бөлімшелерді-филиалдар және өкілдіктер құруға құқылы.

2.7. Қоғамның меншіктік формасы - жеке.

2.8. Қоғамның әрекет ету мерзімі шектеусіз.

2.9. Қоғамның қызметіне қатысты құжаттарды Қоғам өз қызметінің барлық мерзімі бойына атқарушы органның орналаскан жерінде немесе заңды мекен-жайында сақтайды.

2.10. Қоғамның жалдамалы қызметкерлерімен өзара қарым-қатынасы Қазақстан Республикасының заңдарымен және қоғамның ішкі тәртібімен реттеледі.

3. Қоғам және акционерлер жауапкершілігі

3.1. Қоғам өз мүлкінің шегінде өз міндеттемелері бойынша жауапты.

3.2. Қоғам өз акционерлерінің міндеттемелері бойынша жауапты емес. Акционерлер қоғам міндеттемелеріне жауап бермейді және Қазақстан Республикасының заң актілерінде қарастырылған жағдайлардан басқа оларға тиісті акциялардың құнына қарай шығындар тәуекелдігін өтейді.

3.3. Қоғам мемлекет міндеттемелеріне жауап бермейді, сол сияқты мемлекет те қоғам міндеттемелері бойынша жауапты емес.

4. Қоғам мақсаты мен қызметінің негізгі түрлері

4.1. Қоғам табыс табу мақсатындағы қызметтерді жүзеге асырады.

4.2. Қоғам қызметінің негізгі түрі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес сақтандыру қызметі болып табылады.

4.3. Қоғам тек сақтандырудың сәйкес кластары көрсетілген сақтандыру лицензиясы бар болған жағдайда сақтандыруды жүзеге асырады.

4.5. Қоғам Қазақстан Республикасының заңдарында қарастырылған басқа да қызмет түрлерін жүзеге асыруына құқылы.

4.6. Қоғамға сақтандыру ұйымдарына арналған заңда қарастырылмаған кәсіпкерлік қызмет ретінде мәмілелер жасау мен операциялар жүргізуіне тыйым салынады.

5. Қоғамдық мүлік пен капитал. Сақтандыру қорлары

5.1. Қоғам мүлігі мыналардың есебінен қалыптасады:

1) Акционерлердің Қоғам акцияларын төлеуге берген мүлігі (ақшасы);

2) Қоғам қызметінің нәтижесінде алынатын табыстар;

3) Қазақстан Республикасының заңдарымен тыйым салынбаған негіздеріне сүйеніп алынатын басқа мүліктер.

5.2. Қоғамның жарғылық капиталы Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен тек ақшалай қалыптасады. Қоғамның жарғылық капиталының ең төменгі қорының мөлшері уәкілетті

органдардың нормативті құқықтық актілерімен бекітіледі.

5.3. Қоғамның жарғылық капиталы құрылтайшылардың (жалғыз құрылтайшының) акцияларды олардың нақтылы құны бойынша және инвесторлардың Заңмен белгіленген талаптарға сәйкес айқындалатын орналастыру бағалары бойынша төлеуі арқылы қалыптастырылады және ол Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен көрсетіледі.

5.4. Қоғамның жарғылық капиталын өсіру Қоғамның жарияланған акцияларын орналастыру арқылы жүзеге асады.

5.5. Сақтандыру және қайта сақтандыру қызметін жүзеге асырғанда қабылданған міндеттерді орындауды қамтамасыз ету үшін Қоғам актуарий есептеп шығарған көлемде қалыптасқан сақтандыру қорларын иеленуі тиіс.

5.6. Сақтандыру қорларының қаражаты сақтандырудың немесе қайта сақтандырудың шарты бойынша Қоғамның өз талаптарын орындауға байланысты сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру үшін қажет.

5.7. Сақтандыру қорларының қалыптасуының, оларды есептеу әдістемесінің және олардың құрылымы уәкілетті органдардың нормативтік құқықтық актілерімен бекітіледі.

6. Қоғам акциялары мен құнды қағаздары

6.1. Қоғам жай акциялар немесе жай және артықшылықты акциялар шығаруына құқылы. Акциялар құжаттамасыз түрде шығарылады. Акция бөлінбейді. Егер акция бірнеше адамның меншіктік құқығына кірсе, олардың барлығы бір акционер болып есептеледі және өздерінің өкілдері арқылы акциямен куәландірілген құқықты пайдаланады.

6.2. Жай акция акционерге Акционерлердің жалпы жиналысына қатысу құқығымен бірге, дауысқа салынатын барлық мәселелерді шешуде дауыс беру құқығын, Акционерлердің жалпы жиналысының сәйкес шешімінің негізінде Қоғамда таза табыс бар болған жағдайда дивидендтер алу құқығын және Қоғам Қазақстан Республикасының заңдарында бекітілген тәртіппен таратылған жағдайда оның мүлігінің бір бөлігін иелену құқығын береді.

Жай акциялар бойынша дивидендтерді төлеу жыл қорытындысы бойынша жүзеге асады.

6.3. Қоғамның артықшылықты акциясы оның иесіне жай акцияларды иеленуші акционерлердің алдында төмендегідей құқықтар береді:

1) дивидендтерді толық алуға.

2) Қоғам Қазақстан Республикасының заңдарында бекітілген тәртіппен таратылған жағдайда оның мүлігінің бір бөлігін иелену құқығын.

Артықшылықты акциялар бойынша дивидендтерді төлеу жылына бір рет орындалады.

6.4. Артықшылықты акция төмендегі жағдайлардан бөлек акционерге Қоғамды басқаруға қатысу құқығын бермейді:

1) Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысында шешімі артықшылықты акциясы бар акционердің құқығын шектеуі мүмкін мәселе қарастырылады. Мұндай мәселенің шешімі тек

құқықты шектеуге орналастырылған (сатып алынғандарды шығарып тастағанда) артықшылықты акциялардың жалпы санының үштен екісі дауыс берген жағдайда қабылданды деп есептелуі мүмкін;

2) Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы Қоғамды қайта ұйымдастыру немесе тарату мәселесін қарастырады;

3) Артықшылықты акциялар бойынша дивиденд оны төлеуге белгіленген мерзімнен бастап толық мөлшерде үш айдың ішінде төленбесе.

6.5. Қоғамның «алтын акция» шығаруға құқығы жоқ.

6.6. Қоғам өз акцияларын олардың шығарылымы мемлекеттік тіркелгеннен кейін жарияланған акциялар санының шегінде бір немесе бірнеше орналастыру арқылы орналастыру құқығына ие.

6.7. Акцияларды орналастыру ұйымдаспаған құнды қағаздар нарығында өтілетін аукциондар немесе жазылыстар арқылы немесе ұйымдасқан құнды қағаздар нарығында өтілетін аукциондар немесе жазылыстар арқылы жүзеге асады.

6.8. Қоғамның жазылыс арқылы орналастыратын акциялары аталған орналастыру шамасында акцияны сатып алушы тұлғалардың бәріне, бірақ артықшылықты акция сатып алу құқығы бар акционерлерден басқаларына бірдей бағамен сатылады.

6.9. Аталған орналастыруға қоғам органы бекіткен акцияны орналастыру бағасы акцияны орналастыруға шешім қабылдағандар үшін аталған акциялар сатылуы мүмкін ең томен бағалар болып табылады.

Акцияларды шығару, орналастыру, айналым және жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу талаптары мен тәртібін акцияны шығару анықтамалығымен бекітіледі.

6.10. Қоғам акционерлері акция иегерлері болып табылады. Қоғам акционерлері жеке және заңды тұлғалар бола алады.

6.11. Қоғам айырбасталымды құнды қағаздар шығару құқығына ие.

6.12. Қосымша қаражаттарту үшін Қоғам Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес облигациялар шығаруына құқылы.

6.13. Облигацияларды шығару, орналастыру, айналымға енгізу, олар бойынша сыйақы төлеу, облигацияларды өтеу және оларды таратудан түскен қаражатты пайдалану талаптары мен тәртібі Қазақстан Республикасының заңдарымен және облигацияларды шығару анықтамалығы бойынша анықталады.

7. Қоғам акционерлерінің құқықтары мен міндеттері

7.1. Қоғам акционері құқылы:

1) Заңмен және осы Жарғыда қарастырылған тәртіп бойынша Қоғамды басқаруға қатысуға;

2) дивидендтер алуға;

3) Қоғам қызметі туралы ақпарат алу және акционерлердің жалпы жиналысында анықталған тәртіп бойынша Қоғамның қаржы есептілігімен танысуға;

4) тіркеушіден немесе атаулы ұстаушыдан оның құнды қағаздарға меншіктілігін көрсететін

үзінді көшірме алуға;

5) Акционерлердің жалпы жиналысында Директорлер кеңесіне сайлауға үміткер ұсынуға;

6) Қоғам органдары қабылдаған шешімдермен сот тәртібі бойынша дауласуға;

7) Қоғамға өз қызметі туралы жазбаша сұраныстар жіберуге және сұраныс Қоғамға түскен кезден бастап отыз күннің ішінде уәжделген жауап алуға;

8) Қоғам таратылған жағдайда мүліктің бір бөлігін алуға;

9) Қоғамның акцияларын немесе акцияға ауыстыруға болатын басқа құнды қағаздарды заңды актілермен көзделген жағдайлардан басқа, заңда бекітілген тәртіп бойынша басым түрде сатып алуға.

7.2. Ірі акционер құқылы:

1) Акционерлердің кезектен тыс жиналысын шақыруға немесе Директорлер кеңесі Акционерлердің жалпы жиналысын шақырудан бас тартқан жағдайда оның шақырылуын талап етіп сотқа жүгінуіне;

2) Директорлер Кеңесіне Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне заңға сәйкес қосымша сұрақтар енгізуді ұсынуға;

3) Директорлер Кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге;

4) өз есебіне Қоғамда аудит өткізуді талап етуіне;

7.3. Артықшылықты акциялар иеленуші акционерлер жай акциялар иеленуші акционерлер алдында қоғам жарғысында бекітілген алдын ала анықталған кепілдікті мөлшерде дивидендтер алуға және Заңда бекітілген тәртіп бойынша қоғам таратылған жағдайда мүліктің бір бөлігін алуға. Акционерлердің құқығы мен міндеттері Заңмен бекітіледі.

8. Таза кірісті бөлу тәртібі. Акциялар бойынша дивидендтер

8.1. Қоғамның таза кірісі (салықтар мен басқа да міндетті төлемдер бюджетке төленгеннен кейін) Қоғам меншігінде қалады және Акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен анықталған және дивидендтер тәртібі бойынша орналастырылады. Қалған бөлігі қоғамды дамытуға немесе акционерлердің жалпы жиналысында қарастырылған басқа мақсаттарға жұмсалады.

8.2. Артықшылықты акциялар бойынша дивидендтерді қоспағанда, қоғамның акциялары бойынша дивидендтер акционерлердің жалпы жиналысында қоғамның дауыс беретін акцияларының жай көпшілігімен дивидендтер төлеу туралы шешім қабылданған жағдайда ақшалай немесе қоғамның бағалы қағаздарымен төленеді.

Қоғамның акциялары бойынша оның бағалы қағаздарымен дивидендтер төлеуге акционердің жазбаша келісімі болған кезде осындай төлем қоғамның жарияланған акцияларымен және ол шығарған облигациялармен жүзеге асырылатын жағдайда ғана жол беріледі.

Дивидендтерді алуға құқығы бар акционерлердің тізімі дивидендтер төлеу басталатын күннің алдындағы күні жасалуға тиіс.

Төленбеген дивидендтері бар акцияларды иеліктен алу, егер акцияларды иеліктен алу туралы

шартта өзгеше көзделмесе, акцияның жаңа иесінің оларды алу құқығымен жүзеге асырылады. Қоғамның артықшылықты акциялары бойынша бағалы қағаздармен дивидендтер төлеуге жол берілмейді.

8.3. Акционерлердің жалпы жиналысы жыл қорытындысы бойынша жай акциялар бойынша дивидендтердің толық төленбеуі туралы шешім қабылдауына құқылы.

8.4. Осы Жарғының 8.6 тармағында көрсетілген жағдайлардан басқа, Қоғамның артықшылықты акциялары бойынша дивидендтер төлеу Қоғам органының шешімін талап етпейді.

8.5. Дивидендтер Қоғамның өзі орналастырмаған немесе өтеп алмаған акциялары бойынша не болмаса сотта немесе Акционерлердің жалпы жиналысында Қоғамды тарату туралы шешім қабылданған жағдайда есептелмейді және төленбейді.

8.6. Төмендегі жағдайларға байланысты қоғамның жай немесе артықшылықты акциялары бойынша дивидендтерді есептеуге жол берілмейді:

1) меншікті капиталдың теріс мөлшерінде немесе егер Қоғамның меншікті капиталының мөлшері оның акциялары бойынша дивидендтер есептеу нәтижесінде теріс болып шықса;

2)егер ол Қазақстан Республикасының банкротқа ұшырау туралы заңдарына сәйкес төлем қабілетсіздігі немесе дәрменсіздік белгілеріне жауап берсе немесе аталған белгілер Қоғамда оның акциялары бойынша дивидендтерді есептеу нәтижесінде байқалса;

9. Қоғам органдары

9.1. Қоғам органдары болып табылады:

1) жоғарғы орган - Акционерлердің жалпы жиналысы;

2) басқару органы - Директорлер кеңесі;

3) атқарушы орган - Басқарма;

4) бақылау органы - Ішкі аудит қызметі.

Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметін бақылауды жүзеге асыру үшін ішкі аудит қызметі құрылады.

Барлық дауыс беруші акциялар бір акционерге тиесілі болған жағдайда акционерлердің жалпы жиналысы өтпейді. Заң мен осы жарғы арқылы акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне қатысты мәселелер бойынша шешімдерді осындай акционер өз бетінше қабылдайды және бұл шешімдер артықшылықты акциялармен куәландірілген құқықтарды шектемеген немесе қысым жасамаған жағдайда жазбаша түрде ресімделуі тиіс.

9.2. Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерінің бірінші басшыларын және олардың бас бухгалтерлерін қоспағанда, Қоғамның директорлар кеңесінің бірінші басшысы мен мүшелері, басқармасының бірінші басшысы мен мүшелері, бас бухгалтері және Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің қызметін үйлестіруді және (немесе) бақылауды жүзеге асыратын және сақтандыру қызметін және (немесе) инвестициялық қызметті жүргізуге негіз болатын құжаттарға қол қою құқығы бар Қоғамның өзге басшылары Қоғамның басшы қызметкерлері болып танылады.

9.3. Қоғамның басқарушы қызметкерлері және басқарушы қызметкерлер лауазымына сайлауға немесе тағайындалуға кеңес берілетін үміткерлер Қазақстан Республикасының заңдарында бекітілген ең төменгі талаптарға жауап беруі және уәкілетті органмен сәйкестенуі тиіс.

10. Акционерлердің жалпы жиналысы

10.1. Акционерлердің жалпы жиналысы жылдық және кезексіз деп бөлінеді. Қоғам жыл сайын жылдық Акционерлердің жалпы жиналысын өткізуі тиіс. Акционерлердің басқа жалпы жиналысы кезектен тыс болып табылады.

10.2. Жыл сайынғы Акционерлердің жалпы жиналысында Қоғамның жылдық қаржы есептілігі бекітіледі, өткен қаржы жылындағы Қоғамның таза кірісінің орналастыру тәртібі мен Қоғамның бір жай акциясына бағалау есебімен дивиденд мөлшерін анықтайды, акционерлердің Қоғам қызметі мен оның лауазымды тұлғаларына қатынасы туралы және оларды қарастыру қорытындылары туралы мәселелер қарастырылады. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы шешім қабылдануы Акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне қатысты басқа да мәселелерді қарастыруға құқылы.

10.3. Акционерлердің жалпы жылдық жиналысы қаржы жылы аяқталғаннан кейін үш ай ішінде өтілуі тиіс.

10.4. Акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне төмендегі мәселелер кіреді:

1) Қоғам Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа басылымын беруді бекіту;

2) Корпоративті басқару кодексін бекіту және оған өзгерістер мен толықтыруларды енгізу;

3) Қоғамның ерікті қайта ұйымдасуы мен таратылуы;

4) Қоғамның жарияланған акцияларының санын көбейту немесе Қоғамның жарияланбаған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;

5) Қоғамның құнды қағаздарын айырбастау талаптары мен тәртібін анықтау және оларды өзгерту;

6) есеп комиссиясының құрам саны мен уәкілеттік мерзімін анықтау, мүшелерін сайлау және олардың уәкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;

7) Директорлер кеңесінің құрам санын, уәкілеттік мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау және уәкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Директорлер кеңесінің мүшелеріне сыйақы мөлшері мен оны төлеу шарттарын анықтау;

8) Қоғам аудитін жүргізу үшін аудиттік ұйымдарды анықтау;

9) жылдық қаржы есептілігін бекіту;

10) есеп беру қаржы жылы үшін қоғамның таза кірісін бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және жыл қорытындысы бойынша қоғамның бір жай акциясы есебінде дивиденд мөлшерін бекіту;

11) Заңның 22-бабының 5-тармағында көзделген жағдайлар туындаған кезде қоғамның жай және артықшылықты акциялары бойынша дивидендтер төлемеу туралы шешім қабылдау;

12) Қоғамға тиісті активтердің жиырма бес немесе одан да көп пайызын құрайтын сомадағы активтердің бір немесе бірнеше бөлігін табыстау арқылы Қоғамның басқа заңды тұлғалардың құрылуына немесе қызметіне қатысуы туралы шешім қабылдау;

13) Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру туралы қоғамның акционерлерге хабарлау нысанын белгілеу және мұндай ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында беру туралы шешім қабылдау;

14) Қоғам акцияларды осы Заңға сәйкес сатып алған жағдайда олардың құнын белгілеу әдістемесіне өзгерістерді бекіту (егер оны құрылтай жиналысы бекітпесе, әдістемені бекіту);

15) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;

16) Акционерлерге қоғам қызметі туралы ақпарат беру тәртібін белгілеу, оның ішінде, егер мұндай тәртіп қоғам жарғысында белгіленбесе, бұқаралық ақпарат құралын анықтау;

17) Қоғам акцияларының ерікті делистингі туралы шешім қабылдау;

18) Шешім қабылдау осы Заңда және қоғам жарғысында акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер.

10.5. 10.4 тармағының 1)-4) тармақшаларында көрсетілген мәселелер бойынша Акционерлердің жалпы жиналысының шешімі дауыс беруші акциялардың жалпы көпшілік даусымен қабылданады.

Өзге мәселелер бойынша Акционерлердің жалпы жиналысының шешімі, Заңмен және қоғамның жарғысында өзге жағдайлар белгіленбесе, дауыс берген Қоғам акцияларының жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады.

Қоғам жарғысында директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешімді қабылдау үшін қажетті дауыс санын осы тармақтың екінші бөлігінде көрсетілгеннен артық белгілеуге болмайды.

10.6. Акционерлердің жалпы жылдық жиналысын Директорлер кеңесі шақырады.

10.7. Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы:

1) Директорлер кеңесінің;

2) ірі Акционердің бастамасымен шақырылады.

Ерікті тарату барысындағы Қоғамның Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысын қоғамның тарату комиссиясы шақыруы, дайындауы және өткізуі мүмкін.

Қазақстан Республикасының заңдық актілерінде міндетті кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру жағдайлары карастырылуы мүмкін.

10.8. Акционерлердің жалпы жиналысын дайындау мен өткізуді жүзеге асырады:

1) Атқарушы орган;

2) Қоғам тіркеушісі онымен жасасқан шартқа сәйкес;

3) Директор кеңесі;

4) Қоғамның тарату комиссиясы.

Акционерлердің жалпы жиналысын шақыруға, дайындауға және өткізуге кеткен шығындарды, Заңмен бекітілген жағдайлардан басқа, Қоғам етейді.

10.9. Акционерлер («алтын акция» иегері) алдағы өткізілетін Жалпы жиналыс туралы жиналысқа

дейін 30 (отыз) күнтізбелік күннің ішінде, ал сырттай немесе аралас дауыс беру жағдайында 45 (қырық бес) күнтізбелік күннің ішінде хабар алуы тиіс.

10.10. Акционерлердің жалпы жиналысының өтетіні туралы бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануы керек және (немесе) акционерге жазбаша хат жіберу арқылы хабарлануы тиіс. Егер акционерлер саны 50-ден аспаса, ақпарат акционерге жазбаша хабарлама жіберу арқылы хабарлануы тиіс.

10.11. Миноритарлы акционер Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінде көрсетілген мәселелер бойынша шешім қабылдауда басқа акционерлермен бірігу мақсатымен Қоғам тіркеушісіне жүгінуіне құқылы.

10.12. Акционерлердің қайтадан өткізілетін жалпы жиналысын өткізу бастапқы (өтпеген) жиналыс бекітілген күннен кейінгі келесі күннен бұрынғы күнге бекітілмейді.

10.13. Акционерлердің қайтадан өткізілетін жалпы жиналысының күн тәртібі өткізілмеген Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінен ерекшеленбеуі тиіс. Акционерлердің қайтадан өткізілетін жалпы жиналысы өткізілмеген Акционерлердің жалпы жиналысы өтуі тиіс жерде жүргізіледі.

10.14. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі Директорлер кеңесімен бекітіледі және талқылауға түсетін нақты тұжырымдалған мәселелердің толық тізімі болуы керек. Акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібіне қойылмаған мәселелерді қарастыруға және олар бойынша шешім қабылдауға құқылы емес.

10.15. Егер жиналысқа қатысушыларды тіркеу аяқталған сәтте жиналысқа қатысу және дауыс беру құқығы бар, Қоғамның дауыс беруші акцияларының бәрінің елу және одан да көп пайызын иеленуші акционерлер немесе олардың өкілдері тіркелсе, Акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібі бойынша мәселелерді қарастыруға және шешім қабылдауға құқылы.

10.16. Акционер Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқылы және қарастырылып отырған мәселелер бойынша жеке немесе өзінің өкілі арқылы дауыс бере алады. Акционер өкілі ҚР заңдарына сәйкес рәсімделген сенімхат негізінде әрекет етеді.

10.17. Акционерлердің жалпы жиналысы басталмастан бұрын келген акционерлерді (олардың өкілдерін) тіркеу жүргізіледі. Тіркеуден өтпеген Акционер (акционер өкілі) кворум анықталғанда есептелмейді және дауыс беруге қатысуға құқылы емес. Акционерлердің жалпы жиналысы кворум болған жағдайда жарияланған уақытта ашылады.

10.18. Акционерлердің жалпы жиналысы жалпы жиналыстың төрағасы мен хатшысын, сондай-ақ дауысқа салудың ашық немесе құпия түрін анықтайды (бюллетендер бойынша).

10.19. Акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібінің барлық мәселелерін қарастырып және олар бойынша шешімдер қабылдап болған соң жабық деп жарияланады.

10.20. Акционерлердің жалпы жиналысының шешімдері сырттай дауыс беру арқылы қабылдануы мүмкін. Сырттай дауыс беру акционерлердің жалпы жиналысына қатысушы акционерлердің дауыс беруімен бірге (аралас дауыс беру) немесе Акционерлердің жалпы жиналысының отырысынсыз өтуі мүмкін.

10.21. Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру төмендегі жағдайлардан басқа «бір акция - бір дауыс» қағидасы бойынша жүзеге асырылады:

Қазақстан Республикасының заң актілерінде көрсетілген жағдайларда бір акционерге берілген акциялар бойынша дауыс санының шектеуі болғанда;

Директорлер кеңесінің мүшелерін сайлауда жиынтықты дауыс беруде;

Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беруге құқылы әр адамға Акционерлердің жалпы жиналысын өткізудің процедуралық мәселелері бойынша бір дауыс беру құқығын ұсыну.

10.22. Жиынтықты дауыс беруде акция бойынша ұсынылатын дауыстарды акционерлер толық күйінде Директорлер кеңесінің мүшесіне үміткердің бір өзіне бере алады немесе бірнеше Директорлер кеңесінің мүшесіне үміткерлерге үлестіре алады. Директорлер кеңесіне алынушы болып дауыс саны көп берілген үміткер болады.

10.23. Акционерлердің жалпы жиналысының дауыс беру қорытындылары немесе сырттай дауыс беру нәтижелері акционерлерге акционерлердің жалпы жиналысы жабылғаннан кейін он күн ішінде оларды бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау немесе әрбір акционерге жазбаша хабарлама жіберу арқылы хабарланады.

10.24. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы жиналыс жабылғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде жасалып, қол қойылуға тиіс.

10.25. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасына мына тұлғалар қол қояды:

Акционерлердің жалпы жиналысының төрағасы (президиум мүшелері) мен хатшысы; есептеу комиссиясының мүшелері;

Қоғамның дауыс беруші акцияларының он және одан да көп пайызын иеленуші акционерлер және Акционерлердің жалпы жиналысына қатысқан акционерлер.

10.26. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы дауыс беру нәтижелері туралы хаттамамен, жалпы жиналысқа қатысу және дауыс беру құқығына сенімхатпен, сондай-ақ хаттамаға қол қою туралы құжат және оған қол қоюдан бас тарту себебінің жазбаша түсініктемесімен бірге тігіледі. Аталған құжаттарды атқарушы орган сақтауы және кез келген уақытта акционерлерге таныстыру үшін көрсетілуі тиіс.

10.27. Акционерлердің жалпы жылдық жиналысы қоғам органдары Заңда көрсетілген акционерлердің жалпы жылдық жиналысын шақыру тәртібін бұзған жағдайда кез келген құқық бұзушы адамды қуыну бойынша қабылданған сот шешімінің негізінде шақырылуы немесе өткізілуі тиіс.

Қоғам акционерлердің кезексіз жалпы жиналысы қоғамның ірі акционерінің қуынуы бойынша қоғам органдары оның акционерлердің кезексіз жалпы жиналысын өткізу туралы талабын орындамаған жағдайда сот шешімінің негізінде шақырылуы және өткізілуі тиіс.

10.28. Қоғам акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінің мәселелері бойынша дауыс беру нәтижелері www.interteach.kz сайтында жарияланады.

11. Қоғамның директорлер кеңесі

11.1. Осы Заңда және қоғамның жарғысында акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, директорлар кеңесі қоғамның қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады.

11.2. Директорлер кеңесінің ерекше құзыретіне төмендегі мәселелер кіреді:

1) Қоғам қызметінің басым бағыттарын анықтау;

2) Қоғам акционерлердің жалпы жылдық және кезектен тыс жиналысын шақыру туралы шешім қабылдау;

3) жарияланған акциялардың саны шегінде акцияларды орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялардың саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;

4) қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;

5) Қоғамның жылдық қаржы есептілігін алдын ала бекіту;

6) Қоғам облигациялары мен туынды құнды қағаздарын шығару шарттарын анықтау;

7)ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның басшысы мен мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, ішкі аудит қызметі қызметкерлеріне еңбекақы және сыйлықақы төлеудің мөлшері мен талаптарын айқындау;

8) аудиторлық ұйымның, сондай-ақ қоғамның акцияларын төлеуге берілген не ірі мәміле нысанасы болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау жөніндегі бағалаушының қызметіне ақы төлеу мөлшерін айқындау;

9) Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында атқарушы орган қабылдайтын құжаттардан басқа), сонымен бірге аукциондар мен Қоғамның құнды қағаздар жазылысын өткізу шарттары мен тәртібін бекітетін ішкі құжаттарды бекіту;

10) Қоғам филиалдары мен өкілдіктерін құру және олады жабу туралы шешім қабылдау және олар туралы ережелер бекіту;

11) қоғамның басқа заңды тұлғалардың акцияларының он және одан да көп процентін (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) сатып алу туралы шешімдерін қабылдау;

12) акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлесінің) он және одан да көп проценті қоғамға тиесілі заңды тұлға акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылатын қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;

13) Қоғам міндеттерін оның меншікті капиталының 10 немесе одан да көп пайызын құрайтын көлемде ұлғайту;

14) Қоғамның бұрынғы тіркеушісі келісім-шартты бұзған жағдайда жаңа тіркеуші таңдау;

15) Қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын басқа құпияны құрайтын ақпаратты анықтау;

16) ірі мәмілелер мен Қоғамның қызығушылығы артқан мәмілелер жасау туралы шешім

қабылдау туралы шешім қабылдау;

17)корпоративтік хатшыны тағайындау, оның өкілеттік мерзімін айқындау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративтік хатшының лауазымдық жалақысы мөлшерін және сыйақы шарттарын айқындау;

18) атқарушы органның мөлшерлік құрамын, өкілеттіктер мерзімін анықтау, оның басшыларын және мүшелерін сайлау, сонымен қатар олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;

19) атқарушы органның басшылары меи мүшелерінің (атқарушы органның функцияларын дара жүзеге асыратын тұлғаның) жалақыларын және еңбек ақы, сыйлықақы төлеу шарттарын анықтау;

20) Заң мен осы Жарғыда қарастырылған, акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне қатысы жоқ басқа да мәселелер.

11.3. Қоғамның Директорлер кеңесінің ерекше құзыретіне қатысты мәселелер Қоғамның атқарушы органына шешуге берілмеуі тиіс.

11.4. Қоғамның жарғысына сәйкес оның атқарушы органының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша директорлар кеңесінің шешім қабылдауға, сондай-ақ акционерлердің жалпы жиналысының шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқығы жоқ.

11.5.Директорлер кеңесінің құрамы. Өкілеттіктер мерзімі.

11.5.1. Директорлар кеңесінің мүшелері:

1) акционер - жеке адамдар;

2) директорлар кеңесіне акционерлердің мудделерін білдіруші өкілдер ретінде сайлауға ұсынылған (ұсыныс берілген) адамдар;

3) басқа адамдар (осы баптың 3-тармағында белгіленген шектеулерді ескере отырып) арасынан сайланады.

11.5.2. Директорлер кеңесінің мүшелігіне сайлау жиынтықты дауыс беру арқылы жүзеге асырылады. Акционер оған тиесілі акциялар бойынша толығымен бір үміткерге немесе оларды Директорлер кеңесінің мүшелігіне үміткер бірнешеуінің арасында бөле алады. Директорлер кеңесіне ең көп дауыс жинаған үміткерлер сайланады. Егер Директорлер кеңесінің мүшелігіне үміткерлер екеуі немесе одан да көбі бірдей дауыс жинаса, бұл үміткерлер үшін қосымша сайлау өткізіледі.

Директорлер кеңесінің мүшелігіне Қоғам акционері болып табылмайтын және Директорлер кеңесіне акционер мүддесін қорғаушы ретінде сайлануға ұсынылмайтын (кеңес берілмейтін) жеке тұлға сайлана алады. Мұндай тұлғалардың саны Директорлер кеңесі құрамының елу пайызынан аспауы тиіс.

11.5.3. Атқарушы органның мүшелері, басшысынан басқасы, Директорлер кеңесіне сайлана алмайды. Атқарушы органның басшысы директорлер кеңесінің төрағасы болып сайлана алмайды.

11.5.4. Директорлар кеңесінің құрамына сайланатын адамдарға қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының заң актілерінде және қоғамның жарғысында белгіленеді.

11.5.5. Директорлер кеңесі 3 мүшеден тұрады. Қоғамның Директорлер кеңесі мүшелерінің үштен бірі тәуелсіз директор болуы тиіс.

11.5.6. Директорлер кеңесінің мүшелері үш жыл мерзімге сайланады. Директорлар кеңесінің құрамына сайланған адамдардың, егер Қазақстан Республикасының заңдарында және қоғамның қарғысында өзгеше көзделмесе, қайта сайлануына шек қойылмауы мүмкін. Директорлер кеңесінің уәкілеттік мерзімінің өтуі жаңа директорлер кеңесі сайланатын Акционерлердің жалпы жиналысы өткен сәтте болады.

11.5.7. Акционерлердің жалпы жиналысының шешімі бойынша Қоғамның Директорлер кеңесінің барлық немесе жеке мүшелерінің өкілеттіктері кез келген негізге сүйеніп мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін.

11.5.8. Қоғамның Директорлер кеңесі мүшелерінің өкілеттіктерінің мерзімінен бұрын олардың еркімен тоқтатылуы Қоғамның Директорлер кеңесінің жазбаша хабарламасы арқылы жүзеге асырылады. Директорлер кеңесінің сондай мүшесінің өкілеттіктері Директорлер кеңесі аталған хабарламаны алған сәттен бастап тоқтатылады.

11.5.9. Директорлер кеңесі мүшелерінің өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда Директорлер кеңесінің жаңа мүшесін сайлау акционерлердің жалпы жиналысында кумулятивтік дауыс берумен жүзеге асырылады, Директорлер кеңесінің қайта сайланған мүшесінің өкілеттіктері Директорлер кеңесінің түгелімен өкілеттік мерзімінің өтуімен бір мезгілде аяқталады.

11.6. Қоғамның Директорлер кеңесінің Төрағасы

11.6.1. Қоғамның Директорлер кеңесінің Төрағасы оның мүшелерінің ішінен құпия дауыс беру арқылы мүшелердің жалпы санының көпшілік дауысы арқылы сайланады.

11.6.2. Директорлер кеңесі кез келген уақытта өз Төрағасын қайта сайлауына құқылы.

11.6.3. Директорлер кеңесінің Төрағасы Қоғамның Директорлер кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, Қоғамның Директорлер кеңесінің отырысын шақырады және онда өкілеттік етеді, отырыстарда әрекет етуші заңдар мен осы Жарғыда бекітілген тәртіппен хаттамалар жүргізуді ұйымдастырады.

11.6.4. Қоғамның Директорлер кеңесінің Төрағасы болмаған жағдайда Қоғамның Директорлер кеңесінің бір мүшесі Қоғамның Директорлер кеңесінің шешімімен оның қызметтерін атқарады.

11.7. Директорлер кеңесінің отырысын шақыру және оны өткізу тәртібі

11.7.1. Директорлер кеңесінің отырысы Директорлер кеңесінің Төрағасының не атқарушы органының еркімен, мыналардың талабы бойынша шақырылады:

- Директорлер кеңесінің кез келген мүшесінің;
- Қоғамның ішкі аудит қызметінің;
- Қоғам аудитін жүзеге асырушы аудиторлық ұйымның;
- ірі акционердің.

11.7.2. Директорлер кеңесінің отырысын шақыру туралы талап Директорлер кеңесінің Төрағасына Директорлер кеңесінің отырысының ұсынылатын күн тәртібі бар сәйкес жазбаша хабарлама жіберу арқылы ұсынылады.

Директорлар кеңесінің төрағасы отырысты шақырудан бас тартқан жағдайда бастамашы аталған алаппен, атқарушы органға жүгінуге құқылы, ол директорлар кеңесінің отырысын шақыруға

міндетті.

Директорлар кеңесінің отырысын директорлар кеңесінің төрағасы немесе атқарушы орган, егер қоғам жарғысында өзге мерзім белгіленбесе, шақыру туралы талап келіп түскен күннен бастап он күннен кешіктірмей шақыруға тиіс. Директорлар кеңесінің отырысы көрсетілген талапты қойған тұлғаны міндетті түрде шақыра отырып еткізіледі.

11 7.3. Қоғамның Директорлер кеңесінің мүшелеріне отырысты өткізу туралы хабарламасын жіберу тәртібі Директорлер кеңесімен анықталады.

11.7.4. Директорлер кеңесінің отырысын өткізу туралы хабарламаның өткізілетін күні, уақыты және, сондай-ақ орны және күн тәртібі көрсетілуі тиіс.

11.7.5. Директорлер кеңесінің мүшесі атқарушы органға өзінің отырысқа қатыса алмайтындығы туралы алдын ала хабарлауы тиіс.

11.7.6. Директорлер кеңесінің отырысы Қоғамның Директорлер кеңесінің барлық мүшелері қатысқан кезде толық құқықты болып есептеледі.

11.7.7. Директорлер кеңесінің әрбір мүшесінің бір дауыс беруіне құқығы бар. Директорлер кеңесінің шешімі отырысқа қатысушы Директорлер кеңесінің мүшелерінің жай көп дауысымен қабылданады. Дауыстар бірдей болған жағдайда Директорлер кеңесінің Төрағасының дауысы шешуші дауыс болып табылады.

11.7.8. Директорлер кеңесі тек Директорлер кеңесінің мүшелері қатыса алатын жабық отырысты өткізу туралы шешім қабылдауына құқылы.

11.7.9. Қоғамның Директорлер кеңесінің шешімі сырттай дауыс беру арқылы қабылданады. Сырттай дауыс беруде сайлау бюллетендері Қоғамның Директорлер кеңесінің мүшелеріне жіберіледі (таратылады). Сайлау бюллетені отырысты жүргізбей-ақ сырттай дауыс берудің дауыстарын санауға дейін бес күннен кешіктірмей жіберілуі тиіс. Сайлау бюллетенінде сайлау тәртібін түсіндіру болуы тиіс. Сырттай дауыс беру қорытындылары бойынша сырттай дауыс беру хаттамасы жасалады, ол Директорлер кеңесінің шешім қабылдауға жеткілікті қолтаңбалары болған жағдайда жарамды болып есептеледі. Әдеттегідей өткен отырыста қабылданған Директорлер кеңесінің шешімі отырыста өкілеттік жасаған тұлға мен Директорлер кеңесінің хатшысы құрастырған және қол қойған хаттамамен отырыс өткізілген күннен бастап үш күн ішінде рәсімделуі тиіс. Хаттамада мыналар көрсетіледі:

Қоғамның толық атауы мен орналасқан жері;

отырыстың өткен уақыты мен жері;

отырысқа қатысқан тұлғалар туралы мәліметтер;

отырыстың күн тәртібі;

дауыс беруде қойылған мәселелер және оның нәтижелері;

қабылданған шешімдер;

Директорлер кеесінің шешімі бойынша басқа да мәліметтер;

11.7.10. Қоғамның Директерлер кеңесінің отырыстарының сырттай дауысқа салу арқылы қабылданған хаттамалары мен шешімдері Қоғамның мұрағатында сақталады.

12. Басқарма

12.1. Қоғамның ағымдағы қызметінің басшылығын алқалы атқарушы орган - Басқарма жүзеге асырады.

12.2. Қоғамның Басқармасының құрылуы мен оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату акционерлердің Жалпы жиналысының шешімі бойынша жүзеге асырылады.

12.3. Басқарма қоғам қызметінің кез келген мәселелері бойынша Заңмен, өзге Қазақстан Республикасының заң актілерімен және қоғамның осы жарғысымен қоғамның басқа органдары мен лауазымды тұлғаларының құзіретіне жатқызылмағандарды қоспағанда шешім қабылдауға құқылы.

Басқарма мүшесі өзінің дауыс беру құқығын өзгеге, сонымен қатар Басқарманың басқа мүшесіне бере алмайды.

12.4. Акционерлердің Жалпы жиналысының шешімі бойынша қоғамның Басқарма мүшелеріне олардың қоғам Басқармасындағы қызметтерін атқаруларына байланысты олардың өз міндеттемелерін орындау кезеңінде сыйақылар төленеді және/немесе шығыстар өтеледі.

12.5. Басқарма акционерлердің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті.

12.6. Егер, мәмілені жасау сәтінде тараптар мұндай шектеулер бар екендігін біле тұрып мәміле жасасқанын дәлелдей алса, Қоғам, Басқарманың қоғам белгілеген шектеулерді бұзып жасаған мәмілелерін даулауға құқылы.

12.7. Басқарма мүшелері болып қоғамның акционерлері болып табылмайтын жұмысшылары мен акционерлері болуы мүмкін.

12.8. Басқарма мүшесі басқа ұйымдарда акционерлердің Жалпы жиналысының келісімімен ғана жұмыс істеуге құқылы.

12.9. Басқарманың құрамы. Өкілеттік мерзімі.

12.9.1. Басқарма акционерлердің жалпы жиналысымен жеке тұлғалардың арасынан ашық дауысқа салу кезінде жәй көпшілік дауыспен сайланады.

12.9.2. Басқарма құрамына сайланатын тұлғаларға қойылатын талаптар акционерлердің Жалпы жиналысымен Басқарма туралы Ережемен белгіленуі мүмкін.

12.9.3. Басқарма мүшелері үш жылға сайланады. Баскармаға сайланған тұлғалардың қайта сайлануының саны шектелмеген. Басқарманың өкілеттігінің мерзімі акционерлердің Жалпы жиналысы сәтінде, Басқарманы қайта сайлау кезінде тоқтатылады.

12.9.4. Акционерлердің Жалпы жиналысының шешімі бойынша Басқарманың барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттігі Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес кез келген негіз бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін.

12.9.5. Басқарманың отырысы қажеттілігіне қарай, бірақ аптасына бір реттен кем емес Басқарманың мүшелерінің кез келгенінің бастамасы бойынша шақыртылады.

12.9.6. Басқарма шешімі Басқарма мүшелерінің жәй көпшілік даусымен қабылданады және хаттамамен рәсімделеді. Хаттаманы осы отырысқа қатысқан Басқарманың барлық мүшелері қол қояды.

12.10. Қоғамның Басқарма басшысы - Басқарма Төрағасы

12.10.1. Қоғамның Басқарма басшысы - Басқарма Төрағасын акционерлердің Жалпы жиналысы 1 жыл мерзімге тағайындайды және өкілеттік мерзімі аяқталғаннан кейін бұл мерзім автоматты түрде ұзартылуы мүмкін.

12.10.2. Басқарма Төрағасының өкілеттігін ұсыну, сондай-ақ өкілеттіктерді мерзімінен бұрын тоқтатуды жүзеге асыру Қоғамның Жалпы жиналысының шешімі бойынша қолданыстағы заңдарға және Жарғыға сәйкес жүзеге асырылады. Басқарма Төрағасының құқықтары мен міндеттері, өкілеттік мерзімі және еңбек төлемі шарттары қолданыстағы заңнамалармен және Жарғымен, сондай-ақ Қоғаммен жасасқан еңбек шартымен белгіленеді.

12.10.3. Басқарма Төрағасының өкілеттіктері:

a) Акционерлердің Жалпы жиналысының және Директорлар кеңесінің шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;

b) Қоғам атынан үшінші тұлғаларға қатысты сенімхатсыз әрекет етеді;

c) Қоғамды ұсынуға құқықты оның үшінші тұлғаларға қатысты сенімхат береді;

d) Қаржылық, төлем және басқа құжаттарға бірінші қол қоюға құқылы;

e) Қоғамның жұмысшыларын қабылдауды, ауыстыруды және жұмыстан босатуды жүзеге асырады (Заңда қарастырылған жағдайлардан басқа), оларды көтермелеу және тәртіптік шаралар қолданады, Қоғамның қызметкерлерінің лауазымдық жалақыларын және Қоғамның штаттық кестесіне сәйкес жалақыларға дербес үстемақылар мөлшерін белгілейді, Қоғамның қызметкерлеріне тағайындалатын сыйақылардың мөлшерін белгілейді, атқарушы органның құрамына кіретін қызметкерлер мен қоғамның ішкі аудит қызметі қызметкерлерін қоспағанда;

f) Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің қажетті өзгеруі мен түрленуін жүзеге асырады;

g) Өзі болмаған жағдайда өзінің міндеттерін орындауды Басқарманың бір мүшесіне жүктеуге;

h) Басқарманың мүшелерінің арасында міндеттерді, сондай-ақ өкілеттіктер мен жауапкершілігі саласында бөліседі;

i) Акционерлердің Жалпы жиналысының немесе Директорлар кеңесінің оған тапсырған өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

13. Ішкі аудит қызметі

13.1. Қоғамның қаржылық-шаруашылық қызметін жүзеге асыру үшін Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен ішкі аудит қызметі құрылады.

13.2. Ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібі, саны, еңбекке ақы төлеу және сыйлық беру мөлшері мен жағдайы Қоғамның Директорлар кеңесімен белгіленеді.

13.3. Ішкі аудит қызметкерлері Қоғамның Директорлар кеңесі мен Атқарушы органының құрамына сайлануы мүмкін емес.

13.4. Ішкі аудит қызметі тікелей Директорлар кеңесіне бағынады және оның алдында өзінің жұмысы туралы есеп береді.

13.5. Ішкі аудит қызметінің құзырына келесі бақылауды камтамасыз ету кіреді:

1) сақтандыру ұйымының қызметін Қазақстан Республикасының заңдарының талаптарына, сондай-ақ бухгалтерлік есеп саясатына және белгіленген ішкі рәсімдерге, сақтандыру ұйымының бекітілген тиісті ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асыруына;

2) сақтандыру ұйымының қызметіне қаржы тұрақтылығы мен төлем қабілеттілігі бөлігінде жүйелік талдауды жүзеге асыруына және бағалауына;

3) қабылданатын шешімдердің орындалуына бақылау шараларының тиімділігіне;

4) басқару жүйесін активтермен және міндеттемелермен тиімді бағалауға, оның ішінде портфель және әлуетті тәуекелдер құрылымын бағалауға;

5) сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңда көзделген сақтандыру қызметі мен басқа да қызметтің уақтылы, дұрыс, толық және дәл көрсетілуіне;

6) сақтандыру мен басқа да қызметті жүзеге асыру барысында туындайтын тәуекелдерді басқаруға және оларды барынша азайтуға мониторингті жүзеге асыруға;

7) сақтандыру агенттерінің қызметіне және осыған байланысты олардың сақтандыру шарттарын жасау кезіндегі тәуекелдеріне;

8) уәкілетті орган белгілеген пруденциалдық нормативтерді, және басқа да сақтауға міндетті нормалар мен лимиттерді сақтауға;

9) сақтандыру ұйымының есеп беруінің халықаралық қаржылық есеп беру стандарттарына сәйкесуіне бақылауды қамтамасыз ету үшін жүргізіледі.

13.6. Ішкі аудит қызметінің отырысы оның есебін келістіру туралы шешім қабылдау үшін қажеттілік туындаған кезде Ішкі аудит қызметінің Жеткшісімен шақырылады, сонымен бірге отырыста Ішкі аудит қызметінің жартысынан кем емес жұмысшылары болған жағдайда шешім қабылдануы мүмкін.

13.7. Ішкі аудит қызметінің әр жұмысшысы бір дауысқа ие. Ішкі аудит қызметінің шешімдері отырысқа қатысқан жұмысшылардың жай көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстардың тенділігінде Ішкі аудит қызметі Жетекшісінің дауысы шешуші болып табылады.

13.8. Ішкі аудит қызметінің шешімі Ішкі аудит қызметі жұмысшыларының арасынан сайланған Жетекшісімен және хатшысымен қол қойылған Хаттамемен ресімделеді.

14. Қоғамның акционерлері мен лауазымды тұлғаларының оларға үлестес тұлғалары туралы ақпараттарды ұсыну тәртібі

14.1. Қоғам өздерінің үлестес тұлғаларының есебін осы тұлғалардың ұсынған мәліметтері негізінде немесе Қоғамның тіркеушісімен жүргізіледі (тек ірі акционерлер болып табылатын тұлғаларға қатысты уәкілетті органның белгілеген тәртіпте).

14.2. Қоғамның лауазымды тұлғалары мен ірі акционерлері өздеріне үлестес тұлғалары туралы

ақпаратты келесі көлемде ұсынады:

Жеке тұлғалар туралы					
Тегі Аты Әкесінің аты	Жеке тұлғаның тұлғасын анықтайтын және тұратын жері туралы мәліметтер	Туған жылы	Үлескерлікті мойындауға негіздеме	Үлескер болу күні	Ескерту

Заңды тұлғалар туралы				
Заңды тұлғаның толық атауы	Заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеу күні және нөмірі, пошталық мекен жай және заңды тұлғаның нақты мекен	Үлескерлікті мойындауға негіздеме	Үлескер болу күні	Ескерту

14.3. Қоғамға Үлескер тұлғалар туралы ақпараттарды, Қоғамның акционерлері мен үлескер тұлғалары тұлғалардың үлескерлігін мойындайтын негіздеменің (жоғалуы) пайда болуынан бастап күн ішінде немесе акцияларды сатып алу күнінен бастап (Қоғамның лауазымды тұлғасымен еңбек шартын жасасу күні) тапсырады.

14.4. Үлескер тұлғалар туралы мәліметтер қызметтік, коммерциялық немесе өзге де заңмен қорғалатын ақпаратты құрайтын ақпарат болып табылмайды. Қоғамның үлескер тұлғалары болып табылатын жеке және заңды тұлғалар, қоғамға өздеріне үлескер тұлғалар туралы мәліметтерді үлескерлігі пайда болғаны күннен бастап жеті күннің ішінде тапсыруға міндетті.

Қоғам өздерінің үлескер тұлғаларының тізімін уәкілетті органға белгіленген тәртіпте тапсыруға міндетті.

15. Ірі мәмілелерді жасау

15.1. Ірі мәміле болып табылатындар:

1) Серіктестіктің ірі мәмілелер немесе өзара байланысты мәмілелерді қоскаңда, нәтижесінде сатып алынатын немесе иеліктен шығарылатын (сатылып алыну немесе иеліктен шығарылуы мүмкін) Қоғамның активтерінің жалпы құнының жиырма бес пайызы және одан көп мөлшерді құрайтын сомада мәмілелер жасау;

2) мәміле немесе өзара байланысты мәмілелердің жиынтығы нәтижесінде Қоғамның орналастырылған құнды қағаздарды немесе сатып алуды немесе сатуда орналастырылған құнды қағаздың бір түрінің жалпы санының жиырма бес немесе одан көп сатылу немесе сатылынып алуы мүмкін;

15.2. Өзара байланысты болып табылатындар:

1) бір мүлікті сатып алу немесе иеліктен шығаруға қатысты бір үлескер тұлғамен немесе өзара үлескер тұлғалардың жасаған бірнеше мәмілелері;

2) бір немесе бірнеше өзара байланысты шарттармен рәсімделген мәмілелер;

3)акционерлердің Жалпы жиналысының шешімімен өзара байланысты ретінде мойындалған мәмілелер.

15.3. Қоғамның ірі мәміле жасасуы туралы шешім акционерлердің Жалпы жиналысымен қабылданады, сонымен қатар оны жасау тәртібі акционерлердің Жалпы жиналысымен анықталады.

Қоғамның жарғысында ірі мәмілелердің тізбесі, сондай-ақ оларды жасасу тәртібі белгіленуі мүмкін, оларды жасасу туралы шешімді акционерлердің жалпы жиналысы қабылдайды.

15.4. Келесі жағдайлардан басқа, Қоғамның басқа заңды тұлғалардың акцияларының немесе жарғылық капиталға қатысу үлестерін сатып алуға тиым салынады:

1) қаржы ұйымдарының жарғылық капиталдарына қатысу үлестерін немесе акцияларын сатып алудан;

2) акциялары Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын қор биржасының тізіміне қор биржасы тізімінің уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген санаттары бойынша енгізілген, қаржы ұйымдары болып табылмайтын заңды тұлғалардың акцияларын сатып алудан;

3) сақтандыру қызметін автоматтандыруды жүзеге асыратын заңды тұлғалардың, сақтандырудың міндетті түрлері бойынша деректер базасын қалыптастыруды және жүргізуді жүзеге асыратын заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысу үлестерін немесе акцияларын сатып алудан;

4) сақтандыру агентінің қызметін қызметтің ерекше түрі ретінде жүзеге асыратын заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысу үлестерін немесе акцияларын сатып алудан;

5) банктер, сақтандыру ұйымдары, зейнетақы қорлары, бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары мәртебесі бар Қазақстан Республикасының резиденті емес заңды тұлғалардың қатысу үлестерін немесе акцияларын сатып алудан;

6) Қазақстан Республикасының резиденттері-акционерлік инвестициялық қорлардың акцияларын сатып алудан;

7) сақтандыру ұйымы міндетті сақтандыру шарттары бойынша мәжбүрлеп таратылған кезде сақтанушыларға (сақтандырылушыларға, пайда алушыларға) сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін қордың акцияларын сатып алу.

Осы тармақтың 2) және 6) тармақшаларында көрсетілген заңды тұлғалардың акцияларын сатып алу бір эмитенттің орналастырылған акциялары жалпы санының он процентінен аспауға тиіс.

16. Қоғамның ақпараттарын ашу

16.1 Қоғам акционерлерінің мүддесіне қатысты қоғам қызметі туралы ақпаратты қоғам өз акционерлерінің назарына жеткізуге міндетті. Мыналар:

1)акционерлердің жалпы жиналысы және директорлар кеңесі қабылдаған шешімдер және

қабылданған шешімдердің орындалуы туралы ақпарат;

2) қоғамның акциялар мен басқа да бағалы қағаздарды шығаруы және уәкілетті органның қоғамның бағалы қағаздарын орналастыру қорытындылары туралы есептерін, қоғамның бағалы қағаздарын өтеу қорытындылары туралы есептерін бекітуі, уәкілетті органның қоғамның бағалы қағаздарының күшін жоюы;

3) қоғамның ірі мәмілелерді және жасалуына қоғам мүдделі мәмілелерді жасасуы;

4) қоғамның өз капиталының жиырма бес және одан да көп проценті болатын мөлшерде қоғамның Қарыз алуы;

5) қызметтің қандай да түрін жүзеге асыруға қоғамның лицензиялар алуы, қызметтің қандай да бір түрін жүзеге асыруға қоғамның бұрын алған лицензиялары қолданылуының тоқтатыла тұруы немесе тоқтатылуы;

6) қоғамның заңды тұлға құруға қатысуы;

7) қоғам мүлкіне тыйым салынуы;

8) нәтижесінде баланстық құны қоғам активтерінің жалпы мөлшерінің он және одан да көп проценті болатын қоғам мүлкі жойылған төтенше сипаттағы мән-жайлардың туындауы;

9) қоғамның және оның лауазымды адамдарының әкімшілік жауапқа тартылуы;

10)сотта корпоративтік дау бойынша іс қозғалуы;

11) қоғамды мәжбүрлеп қайта ұйымдастыру туралы шешімдер;

12) қоғамның жарғысына сәйкес оның акционерлерінің мүддесіне қатысты өзге де ақпарат қоғам акционерлерінің мүддесіне қатысты ақпарат деп танылады.

Қоғам өзінің қызметтері туралы ақпараттарды міндетті жариялау үшін web-сайт: www.interteach.kz пайдаланады.

16.2 Акционердің талап етуі бойынша қоғам оған осы Заңда көзделген құжаттардың көшірмесін қоғамның жарғысында белгіленген тәртіппен беруге міндетті, бұл орайда қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын ақпаратты беруге шектеулер енгізуге жол беріледі.

Сақтандыру құпиясы сақтандыру сомасының мөлшері, сатып алу сомасы және төленген сақтандыру сыйақылары, сақтанушының, сақтандырушының немесе пайда көрішунің жеке басына қатысты сақтандыру (қайта сақтандыру) шартының өзге шарттары туралы мәліметтерді қамтиды.

Сақтандыру құпиясына тарату процесіндегі сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының жасалған сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары туралы мәліметтерді қамтымайды.

Лауазымды тұлғалар, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру брокерлері, сақтандыру агенттері және өздерінің қызметтік міндеттерін жүзеге асыра алатын, сақтандыру құпиясын құрайтын мәліметтерге рұқсат алған өзге тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен қарастырылған жауапкершілікті көтереді.

Құжаттардың көшірмелерін беру үшін төленетін ақы мөлшерін қоғам белгілейді және ол құжаттардың көшірмелерін дайындауға жұмсалған шығыстар құны мен құжаттарды акционерге жеткізіп беруге байланысты шығыстарды төлеу ақысынан аспауы керек.

Қоғамның қызметтік, коммерциялық немесе өзге де заңмен қорғалатын құпияны құрайтын ақпарат қамтылған бағалы қағаздарын шығару, орналастыру, айналысқа шығару және айырбастаудың жекелеген мәселелерін регламенттейтін құжаттар оның талабы бойынша танысу үшін акционерге берілуге тиіс.

16.3. Акционер, ақпараттарды алу мақсатында Қоғамның атқарушы органына жазбаша түрде өтініш жасайды. Акционердің өтініші Қоғамның кіріс құжаттарын есепке алу журналында тіркелуі тиіс. Акционердің өтініш берген күнінен бастап отыз күннің ішінде Қоғам талап еткен ақпараттарды (талап еткен құжаттардың көшірмесін) ұсынуға міндетті.

16.4. Қоғамның акционерлердің мүддесіне қатысты қызметі туралы ақпарат беру осы Заңға және қоғамның жарғысына сәйкес жүзеге асырылады.

Акционерлерге сотта корпоративтік дау бойынша іс қозғалғаны туралы ақпарат қоғам соттың корпоративтік дау жөніндегі азаматтық іс бойынша тиісті хабарламасын (шақыруын) алған күннен Қоғам қызметтік немесе коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратқа ие қоғам қызметкерлерінің тізімін міндетті түрде жүргізуді қамтамасыз етеді.

16.5. Қоғамның қызметі туралы ақпараттарды жариялауға пайдаланылуы мүмкін бұқаралық ақпарат құралдары және оларға қойылатын талаптар уәкілетті органның нормативтік актілермен белгіленеді.

17. Қоғамды қайта құру және тарату

17.1. Қоғам акционерлердің шешімі бойынша немесе Қазақстан Республикасының заңдарымен көзделген өзге де негіздер бойынша қайта құрылуы мүмкін.

17.2. Қоғамды қайта ұйымдастыру (біріктіру, қосу, бөлу, бөлініп шығу, қайта құру) және тарату Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген ерекшеліктер ескеріле отырып, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес жүзеге асырылады.

18. Қорытынды ережелер

18.1. Осы Жарғымен реттелмейтіннің бәрінде Қоғам Қазақстан Республикасының заңдарын басшылыққа алады.

18.2. Бұл Жарғы, Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген тәртіпте оны мемлекеттік тіркеген күннен бастап күшіне кіреді.

Уәкілетті өкілі:

Курлеутов Эрнст
«ИНТЕРТИЧ» Қазақ Денсаулық сақтау және
медициналық сақтандыру корпорациясы» АҚ
Басқарма Төрағасы

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ЖӘНЕ
МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ЖӨНІНДЕГІ
ҚАЗАҚ КОРПОРАЦИЯСЫ

INTERTEACH

КАЗАХСКАЯ КОРПОРАЦИЯ
ЗДРАВООХРАНЕНИЯ И
МЕДИЦИНСКОГО СТРАХОВАНИЯ

08.09.10 № 84/303

Департамент Юстиции
по городу Алматы

УВЕДОМЛЕНИЕ

Настоящим письмом уведомляем Вас об изменении юридического адреса Акционерного Общества «Казахская корпорация здравоохранения и медицинского страхования «ИНТЕРТИЧ» на следующий: Республика Казахстан, город Алматы, инд.050059, Медеуский район, улица Фурманова, дом № 275«Е», а также о согласовании новой редакции Устава Общества с Агентством Республики Казахстан по регулированию и надзору финансового рынка и финансовых организаций и приведении в соответствие с законодательством Республики Казахстан учредительных документов вышеуказанного Акционерного Общества.

Председатель Правления *Э.М. Курлеутов*

Исп. Жилкайдарова А.Т.

Тел.: +7 727 2954358

+7 705 3100900

Ал... қ қаласы
Әділет Департаменті
Түсті
14 СЕН 2010
Кіріс № 16-40812-Ю
Қабылдаған

ВНЕСЕНО
В ЭЛЕКТРОННЫЙ
РЕГИСТ
ДЮ Г. АЛМАТЫ

11061

Қазақстан Республикасы, 050059
Алматы қаласы, Фурманов көшесі, 275 Д үйі
Call center: +7 (727) 3 200 200
Жедел жәрдем: +7 (727) 3 200 210
Бухгалтерия: +7 (727) 3 200 206

E-mail: interteach@interteach.kz
www.interteach.kz

Республика Казахстан, 050059
г. Алматы, ул. Фурманова, 275 Д
Call center: +7 (727) 3 200 200
Скорая помощь: +7 (727) 3 200 210
Бухгалтерия: +7 (727) 3 200 206

Brussels 1999 Geneva 2004 Brussels 2000 Frankfurt 2006 Золотой Алтын 2006 Moscow 2008